

**Республикалық бюджеттен мақсатты ағымдағы трансферттер есебінен 2009-2012 оқу жылдарына Жол картасы аясында кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Астана қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 16 қазандағы N 22-966қ Қаулысы. Астана қаласының Әділет департаментінде 2009 жылғы 18 қарашада нормативтік құқықтық кесімдерді Мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 596 болып енгізілді. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 30 мамырдағы № 107-657 қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 2012.05.30 № 107-657 (2012.07.01 бастап) қаулысымен.

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

Қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз.

Ескерту. Атауы жаңа редакцияда - Астана қаласы әкімдігінің 2011.06.16 N 22-541қ (қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 2-тармағына, " Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 3-тармағының 7) тармақшасына, "Мемлекет басшысының 2009 жылғы 6 наурыздағы " Дағдарыстан жаңару мен дамуға" атты Қазақстан халқына жолдауын іске асыру жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылға арналған іс-қимыл жоспарын (Жол картасын) орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 10 наурыздағы N 274 қаулысына сәйкес Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған республикалық бюджеттен мақсатты ағымдағы трансферттер есебінен 2009-2012 оқу жылдарына Жол картасы аясында кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы (бұдан әрі – Мемлекеттік тапсырыс) бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - Астана қаласы әкімдігінің 2011.06.16 N 22-541қ (қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2. Бюджеттік бағдарлама әкімшісі 060 "Кадрлар даярлау және қайта даярлау" бюджеттік бағдарламасы бойынша Мемлекеттік тапсырысты уақтылы қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. "Астана қаласының Білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыны әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары Ә.М. Рахымжановқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Әкім* *И. Тасмағамбетов*  
Астана қаласы әкімдігінің  
2009 жылғы 16 қазандағы  
N 22 - 966 қ қаулысымен  
бекітілген

**Ескерту. Қосымшаға өзгеріс енгізілді - Астана қаласы әкімдігінің 2011.06.16 N 22-541қ (қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

### **Республикалық бюджеттің ағымдағы мақсатты трансферттері есебінен 2009-2012 оқу жылдарына Жол картасы аясында кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы**

**Ескерту. Атауы жаңа редакцияда - Астана қаласы әкімдігінің 2011.06.16 N 22-541қ (қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

Мамандық коды	Техникалық және кәсіптік білімді, орта білімнен кейінгі білімді мамандар даярлау бағыттарының атауы	Оқушыларды қабылдау		
		Барлығы	11-сынып	
			қазақ тілінде оқыту	орыс тілінде оқыту
Мемлекеттік кәсіптік лицейлер				
N 1 кәсіптік лицей				
1201000	Автокөлікті жөндеу, пайдалану және қызмет көрсету	25	25	-
1114000	Пісіру ісі (түрлері бойынша)	25	-	25
	Барлығы	50	25	25
N 2 кәсіптік лицей				
0508000	Тамақтандыруды ұйымдастыру	30	30	-
	Барлығы	30	30	-
N 5 кәсіптік лицей				
1306000	Радиотехника және байланыс (түрлері бойынша)	25	-	25
1307000	Электр байланысы жүйелі құрылыстары мен сымдық тарату жүйелерін пайдалану	50	25	25
	Барлығы	75	25	50

Мемлекеттік колледждер				
Политехникалық колледж				
0518000	Есеп және аудит (салалар бойынша)	30	-	30
1201000	Автокөлікті жөндеу, пайдалану және қызмет көрсету	25	-	25
1401000	Үйлер мен ғимараттарды салу және пайдалану	25	-	25
	Барлығы	80	-	80
Мемлекеттік емес колледждер				
"Асу" гуманитарлық-техникалық колледжі				
1304000	Электрондық есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыздандыру (түрлері бойынша)	75	25	50
1410000	Автомобиль жолдары мен аэродромдар салу және пайдалану	25	25	
0501000	Әлеуметтік жұмыс	75	50	25
	Барлығы	175	100	75
Басқару колледжі				
0510000	Іс қағаздарын жүргізуші және мұрағаттану (салалар бойынша)	25	-	25
1227000	Полиграфия өндірісі	25	-	25
0402000	Дизайн (салалар бойынша)	25	25	-
1211000	Тігін өндірісі және киімдерді моделдеу	25	-	25
	Барлығы	100	25	75
"Қаржы академиясы" АҚ колледжі				
1304000	Электрондық есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыздандыру (түрлері бойынша)	100	50	50
1305000	Ақпараттық жүйелер (қолдану саласы бойынша)	100	50	50
0514000	Бағалау (салалар және қолдау аясы бойынша)	100	50	50
	Барлығы	300	150	150
Инновациялық технологиялар колледжі				
0402000	Дизайн (салалар бойынша)	25	-	25
1304000	Электрондық есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыздандыру (түрлері бойынша)	25	-	25
	Барлығы	50	-	50
"Қазақ технология және бизнес университеті" АҚ колледжі				
0402000	Дизайн (салалар бойынша)	50	25	25
0507000	Қонақ үйі шаруашылығына қызмет көрсету және ұйымдастыру	50	25	25
0601000	Метрология, стандарттау және сертификаттау (салалар бойынша)	50	25	25

0819000	Мұнай және газды қайта өңдеу технологиясы	50	25	25
1226000	Тамақтану мекемелері тағамдарын өндіру технологиясы және оны ұйымдастыру	50	25	25
	Барлығы	250	125	125
Еуразия гуманитарлық институтының колледжі				
0516000	Қаржы (салалар бойынша)	25	25	-
1305000	Ақпараттық жүйелер (қолдану саласы бойынша)	25	-	25
0507000	Қонақ үйі шаруашылығына қызмет көрсету және ұйымдастыру	25	-	25
	Барлығы	75	25	50
М. Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясының Ақмола колледжі				
0518000	Есеп және аудит (салалар бойынша)	25	25	-
0902000	Электрмен қамтамасыз ету (салалар бойынша)	25	25	-
1108000	Темір жол жылжымалы құрамдарын пайдалану және техникалық қызмет көрсету (түрлері бойынша)	50	25	25
1202000	Жолаушылар мен жүкті тасымалдауды ұйымдастыру (салалар бойынша)	25	-	25
1302000	Автоматтандыру және басқару	25	-	25
	Барлығы	150	75	75
	Қала бойынша жиынтығы	1335	580	755

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК